

"2011-2012 жылдарда жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүлік объектілерін бекіту туралы" 2011 жылғы 6 желтоқсандағы Қарағанды облысы әкімдігінің N 44/08 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 22 қарашадағы N 59/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 желтоқсанда N 2001 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы N 920 қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2011-2012 жылдарда жекешелендіруге жататын облыстық коммуналдық мүлік объектілерін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы N 44/08 қаулысына (2011 жылғы 9 желтоқсандағы N 1901 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 13 желтоқсандағы N 142 (21156) "Индустриальная Караганда" және 2011 жылғы 13 желтоқсандағы N 208-209 (21199) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулыға 1 қосымшада: 3 реттік нөмір келесі мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

3	"Қарағанды облысының жолаушылар көлігін басқару орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қарағанды қаласы, Молоков көшесі, 112	"Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі	51
---	--	---------------------------------------	---	----

" ;
көрсетілген қаулыға 2 қосымшада: 1 8 ж о л д а :
"Объектінің атауы" бағанында:

"мемлекеттік нөмірі" жолындағы "324" сандары "234" сандарына ауыстырылсын.

2. "Қарағанды облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыны жүзеге асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары **Ғ.М. Мұхамбетовке** жүктелсін .

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ә. Құсайынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК